

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 21 ақпандағы № 237 және 2010 жылғы 24 сәуірдегі № 348 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 368 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) **күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.07.2014 № 860 қаулысымен;**

2) «Қырғыз Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету туралы»

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 24 сәуірдегі № 348 қаулысында:

1) 1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Қырғыз Республикасына ізгілік көмек көрсету үшін мемлекеттік материалдық резервтен саны 3700 (үш мың жеті жүз) тонна дизель отыны (жазғы) броньнан шығарылсын.» ;

2) 2-тармақта «отынын» деген сөзден кейін «темір жол көлігімен Рыбачье, Ош станцияларына дейін» деген сөздермен толықтырылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.07.2014 № 860 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар, Қаржы, Көлік және коммуникация министрліктері осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*